АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ

«МЕМЛЕКЕТТІК ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ

«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ТЕАТР КУКОЛ»
УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ
ГОРОДА АЛМАТЫ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

27.08.2024 № 34 ОД

Алматы қаласы

город Алматы

Об осуществлении государственных закупок (услуг) способом из одного источника путем прямого заключения договора

В соответствии с пп.46 п.3 ст.39 приобретения театрально-зрелищной организацией, филармонией, музеем, культурно-досуговой организацией, кинематографической организацией, организацией образования в области культуры и искусства, телерадиовещательной организацией товаров, работ и услуг для осуществления сценических представлений и публичного исполнения произведений искусства **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Приобрести услуги изготовление ростовых кукол в количестве 4 единицы для участия в предстоящей мероприятии организуемого в честь празднования ко дню города Алматы.
2. Контроль за надлежащим исполнением настоящего приказа оставлю за собой.
3. Настоящий приказ вступает в действие со дня его подписания.

Директор **А. Абдрахманов**

Мемлекеттік сатып алу мемлекеттерінде жүргізілсін

Директору
КГКП «Государственный театр кукол» Управление культуры города Алматы
Абдрахманову А.А.
от юриста Базилулы Е.

Обоснование

Согласно протокола художественного совета от 22 августа 2024 года № 08 принято коллегиальное решение о необходимости ростовых кукол в количестве 4 единицы для участия в предстоящей мероприятии организуемого Управлением культуры города Алматы, в честь празднования дня города Алматы.

Во исполнения устного указания руководителя Управления культуры города Алматы, а также близостью планируемого мероприятия который начинается с 12 сентября, внести соответствующие изменения в план государственных закупок и в связи со специфичностью приобретаемых закупок (изготовление ростовых кукол по параметрам заказчика), предлагаю приобрести указанные закупки согласно пп.4 п.3 ст. 39 Закона Республики Казахстан «О государственных закупках» (*приобретение организацией образования в области культуры, телерадиовещательной организации товаров, услуг и работ для осуществления сценических представлении, публичного исполнения и предоставления произведении искусства и культурных ценностей)* способом из одного источника на портале государственных закупок.

На основании вышеизложенного, в соответствии с законодательством о государственных закупках, предлагаю применить способ закупа для данного закупа из одного источника.

Юрист **Базилулы Е.**

«Бекітемін»
«Мемлекеттік қуыршақ театры» КМҚК
директоры
А.Абдрахманов

Алматы қ.
«Мемлекеттік қуыршақ театры» КМҚК
«22» тамыз 2024 ж. 15:00 мин.

ХАТТАМА № 8
Көркемдік кеңестің жиналысы

Күн тәртібі: Алматы қаласының Қала күніне орай «Қуыршақтар шеруіне» байланысты бойлы қуыршақтар эскиздерін қабылдау туралы.

Көркемдік кеңес мүшелері:
1) Е.Қабдыл, көркемдік жетекші
2) Б.Тушаев, директордың орынбасары
3) О.Ақжарқын Сәрсенбек, режиссер
4) Г.Ильясова, артист
5) Е.Жүнісова, артист
6) С.Абуева, артист
7) А.Тауекелов, артист
8) Ш.Құлназаров, артист
9) Э.Сүлейменова, артист
10)Қ.Обаев, қойылым бөлімінің меңгерушісі
11) Ж.Ахметова, әдебиет бөлім меңгерушісі

Е.Қабдыл, көркемдік жетекші: Қайырлы күн, құрметті әріптестер! 2024 жылдың қыркүйек айында дәстүрлі Алматы қаласының Қала күніне орай қала күні өтеді. Биыл Алматы қаласы Мәдениет басқармасы алма бейнесінде бойлы қуыршақтарды әзірлеуді тапсырған болатын. Былтыр жүз қуыршақпен қуыршақтар шеруін жасағанбыз. Үлкен іс-шара болғандықтан және үлкен алаңда өтетіндіктен алма Алматының символы ретінде алманың бейнесінде бойлы қуыршақтар жасау туралы театрымыздың бас суретшісі Ю.Черновамен ақылдасып ойымызды білдірдік. Эскиздер дайын, бүгін көркемдік кеңес мүшелерімен жаңа қуыршақтардың эскиздерін қарап, ой-пікірлеріңізді айтсаңыздар.

Б.Тушаев, директордың орынбасары: 2023 жылы қала күніне орай жүз қуыршақпен қуыршақтар шеруін жасап, қала тұрғындарын қуантқан болатынбыз. Бірақ уақыттың тығыздығына байланысты, қала күні уақытта из қалғандықтан көп қуыршақ жасауға уақытта жетпейді, әрбір [illegible] бойлы қуыршақ жасау мүмкіндігі ғана бар. Мемлекеттік сатып алу порталында жарнамалау үшін тікелей шарт тұжырымы бір дерек көздерден сатып алу

тәсілімен жасалынуы керек. Қанат Несіпбайұлы бойлы қуыршақтардың түсінікті болуы үшін техникалық сипаттамасын екі тілде жасап және жазып берсеңіз.

Қ.Обаев, қойылым бөлімінің меңгерушісі: Техникалық сипаттамасы екі тілде жасалынады. Эскизден өздеріңіз көріп отырғандай бойлы қуыршақтар көрсетілген. Байқасаңыздар барлығы да алма бейнесінде. Жасыл шалбар, басы қызыл алма ол аниматорлардың костюмі. Екі жанынан актерге ыңғайлы болуы үшін екі қолы шығатындай еркіндік жасалынған. Қолына сары қолғап киеді. Сабағы жасыл болғандықтан шалбары жасыл түсті болады. Аяғындағы аяқ киімі де басы секілді қызыл түстен жасалынады. Басында екі көзі және ауызы болғандықтан актердің қозғалғанда айналасын еркін көруге мүмкіндік қарастырылған.

Қ.Абуева, артист: Біздің бойлы қуыршақтардың ішінде алманың символымен бойлы қуыршақ жоқ. Мен қосыламын. Тек бір сұрағым бар, Жалпы неше бойлы қуыршақ жасалынады. Аниматор біреу ғана болады ма? Әлде басқа костюмдер киіп жүреді ме!?.

Қ.Обаев, қойылым бөлімінің меңгерушісі: Жалпы қуыршақ саны төртеу болады. Оның біреуі ұл, біреуі қыз бала болатын болса, Алманың оюсыз өзін екі дана етіп жасатамыз. Ол қуыршақты аниматорлар балаларды ойнату үшін киеді.

Ш.Құлназаров, артист: Менің бір сұрағым бар. Расыменде бізде жеміс жидектерден бойлы қуыршақтар жоқ екен. Басым көпшілігі жануарлардан немесе жыл он екі ай дерек көздерінен алынған кейіпкерлер. Мені қызықтырып тұрғаны қандай материалдан жасалынады.

Қ.Обаев, қойылым бөлімінің меңгерушісі: Негізінен барлық қуыршақтардың басы тығыз паралоннан жасалынады. Оны қалған маталармен «Момент» клей арқылы өңдейміз. Қосымша бяз, габардин, сетка фатин, фетер, қызыл жібек мата, ою-өрнектер тағы басқа заттармен жасай беруге болады.

А.Тауекелов, артист: Эскиз әдемі қою нақты түстермен жасалынған. Ертең адам бойына сай бойлы қуыршаққа келгенше ыдырап, сапасы кетіп қалмайма? Екіншіден аяқтарындағы қызыл аяқ киімде цехтан жасалынады ма?.

Қ.Обаев, қойылым бөлімінің меңгерушісі: Төрт қуыршақ болғаннан кейін әрине төрт аяқ киім болғаны абзал. Аяқ киімдер цехтан тігілмейді, оларды дайын күйінде актердің размеріне ыңғайлап дайын түрінде сатып аламыз.

Е.Жүнісова, артист: Екі қуыршақтың ұлттық нақыштағы ою-өрнектері ұнады. Неге үшінші алмада ою жоқ.

Е.Қабдыл, көркемдік жетекші: Қыз бала киетін форматтағы костюмде ою әдемі ойнап тұр. Ою-өрнекті ұлдың да, қыздың да костюміне сала беруге болады. Тек аниматорлар ойнататын костюмге меніңше қажет емес. Себебі ертең басқа да іс-шараларға пайдалануға болады. Ертеңгі күні халықаралық фестиваль болған күннің өзінде қонақтарды Алматының символы алмамен

ұлттық ою өрнек нақышта алдарынан шығып күтіп алсақта әдемі көрініс беретіні сөзсіз.

Р.Билибаев, хореограф: Жасыл шалбардағы алманың костюмі маған ұнады. Ол тек аниматор ғана болып қалмайды, расыменде ертенгі өтетін фестиваль аясында да қызмет жасай алады. Марапаттау рәсімінде грамоталарды алып шығуға, келген қонақтарды қарсы алу секілді іс-шараларда үлкен қызметі бар кейіпкер болады. Ал қыздың басындағы алманың ою өрнегі қисынсыз секілді. Тістелінген алма немесе адамның миына ұқсап тұр. Сондықтанда бір жерінен ғана емес бастың үш бөлігінен өрнек салынса онда ою-өрнек екендігі білінетін еді.

Ақжарқын Сәрсенбек, режиссер: Режиссер ретінде менің көзқарасым бойынша Ринат бауырым дұрыс айтады. Расыменде адамның миына қаттырақ ұқсап кетіпті. Әлі де өзгерту керек. Қыз бен ұлдың басындағы алма тек қана басқа ғана киіледі ме әлде толық денеге киіледі ме. Егер басқа киілетін болса екеуінің денесіне ұлттық нақыштағы жекет немесе қызыл камзол кигізіп, жаңағы жібек мата, фетер мата деп жатырмызғой соларды ойнатта білу керек. Қыздың көйлегінің желбіршегіне ою салынса, ұлдың да ак шалбарының жиегіне ою салуға болады. Жалпы эскиздер ұнады.

Қ.Обаев, қойылым бөлімінің меңгерушісі: Басым көпшілігі паралоннан және фетер матадан жасалынады. Дұрыс айтасыздар ұл мен қыздың ою салынған эскизінің басына тағы екі жерден ою салынатын болады. Алтын жіппен ұлттық оюмен апликациялар жүргізіледі. Паутина лентамен ұлдың шалбары тігіледі. Қосымша акрил және аэрозаль бояулары алынады. Тігілген кезде де, бойлы қуыршаққаайналған кезде де өздеріңіз көргендей эскизден айырмашылығы болмайды.

Көркемдік кеңес отырысының шешімімен қаулы етеді:

1.Көркемдік кеңестің шешімімен қала күніне орай «Қуыршақтар шеруіне» алма бейнесінде бойлы қуыршақтар тігілсін.

1. «Алма» костюмі ер адам.
2. «Алма» костюмі әйел адам.
3. «Алма» аниматор костюмі. 2 дана.

Жауапты: бас суретші Ю.Чернова.

2. Бойлы қуыршақтарға техникалық сипаттама жасалынсын. Екі тілде. (қазақ-орыс). Жауапты: қойылым бөлімінің меңгерушісі Қ.Обаев.

3. Мемлекеттік сатып алу порталына тікелей шарт тұжырымы бір дерек көздері сатып алу тәсілімен ұсынылсын.

Көркемдік кеңес мүшелерінің қолы:

Б.Тушаев, директордың орынбасары

Е.Қабдыл, көркемдік жетекші

О.Ақжарқын-Сәрсенбек , режиссер

С.Абуева, артист

Г.Ильясова, артист

Е.Жүнісова, артист

Ю.Чернова

Р.Билибаев, балетмейстер

Ш.Құлназаров, артист

А.Тауекелов, артист

Е.Обаев, қойылым бөлімінің меңгерушісі

Ж.Ахметова, хатшы